

ISSN 1811-1831

# ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

С. ТОРАЙБЫРОВ АТЫНДАҒЫ ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ



1 '2008



ПМУ хабаршысы  
Вестник ПГУ

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СЕРИЯ**

# ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕ БІЛІМДЕНУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ АМАЛЫ

*Е. Жуматаева*

С. Торайғыров атындағы  
Павлодар мемлекеттік университеті

Білім мен ғылымды меңгерген тұлғаның өмір сүргіштік қорғанысы, заманның нелер бір өзгерісті кезеңдерінде төзімділігі мен табандылығы, қоғамдағы мүдделерге ілесуі, өзінің әрдайым өнімді іске бағдарлауы секілді көрсеткіштері басымдықта болып келеді. Осындай сүбелі істердің қарқынды тұрғыда жүзеге асуы мақсатында Ел Президенті Н.Ә.Назарбаев халқына Жолдауында айтылған Қазақстанды әлемдік озық 50 елдің қатарына жеткізу ұстанымына сай жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдай жасау, ұлттық мәдени өрісінде халықаралық және Еуропалық тенденция негізіндегі оқыту жүйесіне көшуге бағдарлап отыр. Бұл мақсатқа жетудің сара жолы отандық, әлемдік озық ойлы, жаңашыл, ілгерішіл ғалымдары мен қоғам қайраткерлері, кәсіби құзыретті мамандары бірыңғай инновациялық білім кеңістігін жасау және оның мәселесі ең көкейкесті де, қиындық тудыратын да

шара деп есептейміз. Осыған орай 2006 жылы Хельсинкиде Еуроодақ және Ресей аралығында бірыңғай білім беру кеңістігін құруға байланысты I халықаралық конференциясы болып өтті. Ресей ғалымдары бұл мәселені 2004 жылдан бері қолға алып, педагогикалық технологиямен арасындағы айырмашылықты айқындап, талай салықалы да сонны еңбектер жариялады.

Болон моделі әрбір мемлекеттің өзіне тән ерекшеліктерінің әлемдік білім мен ғылым кеңістігіне ұштасуы дәрежесінде іске асырылатыны жайлы бүгіннен бастап ойлаған дұрыс деген ұстанымды білдіреді. Оның басты себебі әрбір халықтың өзіндік даму сипаты "ұлттық код" деп аталады. Бұл ұғым онтологиялық сынауда түсінікті. Оның маңыздылығы әрбір ұлт өкілі өзінің табиғи мүмкіндігін ескеріп, ой-өрісін, парасат-пайымын өркендетуге жол аша білуі көзделеді. Біздің еліміздегі оқу және ғылыми орта сонау ежелгі дәуірден бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан кеңістігіне дейінгі ұлттық сипат білім беру саласында сабақтастық қағидасын жойып алғаны белгілі. Міне, осындай көкейкесті мәселенің олқылығын толтыру тек өркен жайған мемлекеттердің модернизация үрдісіндегі инновациялық технология-ларының нәтижеге бағдарлау жобасын жасау тұрғысында ұтымды демекпіз. Ал ұлттық ерекшелік ескерілмеген жағдайда бірден басқа халықтың өз еңбегімен тырнақтап жинақталған нәтижесіне ие болып кенелемін деу сағым қуғанмен бірдей. Бұл бағытта көптеген зиялы қауым өкілдері баспасөзде осыған орайлас пікір айтуда, бірақ оның себеп салдары тек "Басқа ұлттың моделіне көшпеу керек" деген түйінді оймен аяқталып келеді. Сондықтан бұл түйінге біздер себеп іздестіріп, ғалым С.Аязбекованың "онтология", "гносеология", "аксиология" жайлы философиялық ғылыми ұстанымын негізге алып, әсіресе "ұлттық код" сипатын ЖОО педагогикаға қалай пайдалану мәселелері зерделенді. Әлемдік өркениетті мемлекеттер қатарына қосылмау диалектика заңдылығына қайшы. Сол себепті 50 өркениетті мемлекеттер қатарына кіру - стратегиялық міндеттер.

ЖОО-нда бүгінгі күнге дейін диалектика нысаны басынан үш түрлі парадигманы өткізді. Оның біріншісі - эмпирикалық парадигма. Бұл

парадигмада көбінесе шетел және Одақ көлеміндегі ЖОО-ның озық деген тәжірибелері біздің ғалымдарымызға сүрлеу болды. Нақтылап айтсақ, басқа бір ғалымдардың өздеріне ғана тән тағылымы мен тәжірибесін жүзеге асырып келді. Әрине, барлық ОПҚ осындай іспен шектелді деуден аулақтыз. Бірақ жалпы ОПҚ құрамының 25-30 пайызы өзінің тәл тағылымы мен тәжірибесіне сүйенгені байқалды. Зерттеу барысында ОПҚ тағылымдық, гносеологиялық деңгейден гөрі практикалық іскерлікті басымдықта ұстап, өзінің қызметін автоматты іс-әрекетке айналдырып жібергені де жоқ емес. Эмпирикалық парадигма - ЖОО-нда тек әр оқытушы-профессордың өзінің тәжірибесіне сынмен қарауына қатысқан немесе баспасөз арқылы менгерген басқа ғалымдардың іс-тәжірибесіндегі ғылыми негіз. Мұнда тәжірибе жүйесі қалай құрылғанына айрықша мән беруі көзделеді. Сөйтіп, өзінің іс-тәжірибесіне Нені үлгі ретінде ұстаналы, Нені теориялық негіз ретінде алады деген мәселені алға қоюы ұтымды. Мұндай қорытынды жасауға түрткі болған сол адамның ішкі интеллектуалды әлеуетінің қаншалықты деңгейде екендігі, ал оның қолы жеткен ол деңгей екінші бірадамға жұмбақ. Құр сыртқы құрылым-жүйесін қайталағаннан басқа өзіне тән үшқыр ой-тұжырым туа қоймайды.

Эмпирикалық парадигма бүгінгі модернизация кеңістігінде әрбір оқытушы-профессордың өзіне қатысты жинақтаған теориясы мен тәжірибесіне сүйену үрдісінде жүзеге асыруы қарастырылады. "Модернизация" ұғымы француз тілінен енген сөз (modernization - moderne) қазіргі, жетілген деген мағынаны білдіреді. Ал "эмпирикалық парадигма" құбылыс пен үрдіске жаңа философиялық көзқарас деген мағынаны білдіреді. Бұл парадигманың пайдасы әрбір оқытушы-профессордың басқа ұлт арасында, әлемде болып жатқан жаналыққа ықыластанып, одан өзіне үлгі алуына мүмкіндіктер туатыны демекпіз.

ЖОО-нда алгоритмдік парадигма - әрбір оқытушы-профессордың алдымен өзінің ғылыми зертханасының белгілі бір тәртіпке құрылуымен туатын үрдіс. Іс-әрекеттің рет тәртібі бір жүйеге түсіп, оған философиялық мән берілсе, оны алгоритмдік парадигма дейміз. Бұның көлеңкелі түсі - студент-

тердің іс-әрекетін ОІҚ өздерінің қалыптасқан алгоритміне ұдайы бағындыруды нысанаға алуы. Мұндай іс-әрекет нәтижесі студенттерді оқыту үрдісінде әкімшіл-әміршіл басқаруды басымдықта ұстайды. Тұлғаның, студенттің ішкі интеллектуалды әлеуетін ескермей, оқытушы-профессор өзінің мүмкіндігін басқаға міндеттеуі соңғы нәтижеге жетуіне бағдарламайды. Сондықтан алгоритмдік парадигма ЖОО-ның білім мазмұнына инструмент болғанымен, диалектика нысанында, оқыту үрдісінде сүбелі нәтижеге қол жеткізбей, керісінше ОІҚ мен студенттердің арасында түсінбеушілікті тудырады.

Үшінші парадигмаға стохастикалық жатады. Стохастика "мүмкіндік теориясын" жүзеге асыруға қолайлы жағдай туғызады. Егер ОІҚ лексикасында "мүмкіндік туғызу" деген сөз тіркесі көбірек қолданымда болса, онда ОІҚ өзінің қызметін стохастикалық парадигмаға салып жүргізгенінің көрсеткіші. Стохастикалық парадигма көбінесе әрбір ғылыми нысанның теориялық-ғылыми тірек көздерін студенттердің өздігінен жұмыс жүргізе алу мүмкіндігіне сай жобалап беруімен окшауланады.

Осы стохастикалық парадигма басымдықта болып, әрбір ОІҚ өзінің іс-тәжірибесін әлемдік модельмен салыстырып, аналитикалық, сараптамалық бағаммен қарап, нәтижеге бағдарлайтын ғылыми проект құра алған жағдайда ғана Болон бірыңғай Еуроодақтық білім кеңістігіне кіруге мүмкіндік туады. Қазақстан Республикасының жоғары мектебі жоғары құзыреттілікті жүзеге асырудың екісатылы жүйесіне (бакалавр-магистр) көшкені белгілі. Болон моделі оқу үрдісін модульді жүйеге бейімдеуге бағыт жасайды. Мұның өзі әжептәуір күрделі жұмыстарды ат-қаруға міндеттейді. Модульдік мақсатшылықпен кең ауқымды бағдарламасын енгізуді аңғартады. Барлық ЖОО-нда пәндердің стандарт ауқымында оқылуы дәстүрге айналып келді. Сол секілді тағы да бір көкейкесті мәселе университеттердің штаты кестелері ЖОО білім берудің жаңаша мазмұнына сәйкеспейді, сол себепті үлкен бір материалды қысқарту үрдісі қарастырылуы тағы да мәселенің тез шешілуіне кедергі.

Аталған мәселелермен бірге салыстыруды, сараптауды қалыпқа келтіру (унифицированного) де өткір тұрған үрдіс.

Мұндай жүйені жүзеге асыруда бакалавр-магистрлердің мамандығын бір-біріне жақындату көзделді. Жұмыстың бұндай түрі Еуропалық Одақтың қосымша зерттелуі тұрғысында іске аспақ. Стандарттағы берілген сағат ескерілмей, ақиқатында меңгерген білімімен есептеледі.

Бірақ унифицирлік жүйе дипломдардың бір-біріне жуықтауының абсолютті индикаторы болып табылмайды. Шетелдік ТМД және ҚР дипломдарының да басымдығын мойындатуға қадамдар жасаған тиімді. Екі жақты келісім болған уақытта Еуропалық Одақ өркендеудің шыңына жететініне ешбір күмән келтірмейді. Болон моделінің құптарлық тұсы - Қазақстан Республикасынан басқа мемлекеттерге бармай-ақ әлемдік мәртебеге сәйкес келерлік білім алып, құзыреті жоғары маман болуға мүмкіндіктер жасалмақ.

Міне, жоғарыда айтылған Еуропалық Одаққа ҚР кіруіне де стохастикалық парадигма болжам жасау іс-әрекетіне рөл атқаратыны байқалды.

Қазақстан Республикасында модульдік оқыту 80-жылдардың аяғынан қолға алынды. Оның бастау көзі АҚШ-та XX ғасырдың 60-жылдарында тәжірибеге енгізіліп, оқыту саласында Америка мен Еуропа біртұтастық іс-әрекет тұрғысында оқыту ісіне енгізілді. Модульдік оқыту ең ұтымды технологияны дидактикалық үрдісте іске асырады. Дидактикалық үрдістің маңыздылығы - модульдік технологияға жүгініп, оқыту мазмұнының жеке блоктарға автономды жіктеліп келуі. Жұмыстың бұл түрінде бұрынғы тараулар жеке-жеке бір сағат көлемінде қарастырылмай, тұтас, туыстас, ұсақ тақырыптардың блокқа бөлініп, оның тұтас жүйесі бір модуль құрастырады.